АННОТАЦИЯ

доктор философия (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған
диссертация
6D030100 – Құқықтану

КАРИПБАЕВ ЖАСУЛАН БОЛАТБЕКОВИЧ

Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кәмелетке толмағандардың цифрлық технологияларды, әлеуметтік желілерді және интернет кеңістігін белсенді пайдалануы қазіргі заманның ең өзекті құқықтық проблемаларының біріне айналды. Қазақстанның ресми деректері бойынша 2020-2024 жылдары ішкі істер органдары кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты 1200-ден астам құқық бұзушылықты тіркеген; олардың елеулі бөлігі түнгі уақытта компьютерлік клубтарда не интернет-ортада жасалған бұзақылықпен, заңсыз контент таратуымен, кибербуллингпен және алаяқтық әрекеттермен байланысты. Мәселен, 2023 жылғы брифингте Павлодар облысының Полиция департаменті бір оқірдің өзінде жасөспірімдерге қатысты 17 оқиғаның анықталғанын хабарлады; сонымен қатар желіде қауіпті байланыстар орнату, жалған шоттар арқылы ақпа жинау және онлайн-алаяқтық фактілерінің өсуі атап өтілді. Бұл деректер жастардың цифрлық сауаттылығы артқан сайын технологияларды құқыққа қайшы мақсатта пайдалану жағдайлары да көбейіп отырғанын көрсетеді. Екінші жағынан, БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) сияқты халықаралық ұйымдар кәмелетке толмағандарды интернеттегі қудалау мен зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша шараларды күшейтуді ұдайы ұсынады. UNICEF-тің «Child Online Protection» баяндамасында цифрлық технологиялардың балалардың психикалық әрі әлеуметтік дамуына беретін елеулі мүмкіндіктеріне қарамастан, виртуалды зорлық, жек көрушілік тілі және кибербуллинг құбылыстарының жылдам таралуы ерекшеленеді. ЕҚЫҰ сарапшыларының 2024 жылғы «Blunting the cutting edge of crime: cybercrime in Central Asia» есебінде Орталық Азиядағы киберқылмыстың, соның ішінде жасөспірімдер арасындағы күшеюі және осы топқа бағытталған құқықтық тетіктердің жеткіліксіз дамығаны көрсетілген.

Мәселенің өзектілігі Қазақстандағы нормашығармашылық пен құқық қолданудың динамикасымен де расталады. 2022 жылы «Баланың құқықтары туралы» заңға «кибербуллинг» ұғымы ресми түрде енгізілді, ал 2023 жылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ӘҚБтК) кәмелетке толмағандарға қатысты буллинг әрекеттері үшін әкімшілік жауаптылық көзделген 127-2-бап енгізілді. Бұл қадамдар мемлекет

пен қоғамның киберкеңістіктегі балаларды қорғау қажеттігін мойындағанын және нақты заңнамалық құралдардың қалыптасып жатқанын көрсетеді.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағанның желіде құқық бұзушы ролінде болған жағдайларда қолданылуға тиіс жауаптылық тетіктерінің жеткіліктілігі мен олардың алдын алу мен әлеуметтік бейімдеумен арақатынасы туралы сұрақтар сақталып отыр: қандай жауаптылық тетіктері қолданылуы мүмкін және олар профилактика мен ресоциализация міндеттерімен қалай үйлесуі керек? 2020-2025 жылдары жасөспірімдердің интернет-клубтарда түнгі уақытта болуы, қорлайтын лексиканы қолдануы, кибербуллинг актілерін жасауына қатысты істер жиі тіркеледі; алайда цифрлық дәлелдемелерді анықтау, заңды түрде жинау, зерттеу және бағалаудың іс жүргізу қырлары жүйелі түрде реттелмеген. Тәжірибеде, мысалы, скриншоттардың дәлелдеме ретіндегі мәртебесі немесе провайдерден лог-файлдарды талап ету тәртібі қиындық туғызады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық тұрғыдан кешенді зерделеу, ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін бағалау және халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу.

Көзделген мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттер** қойылды:

- кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарының ұғымдық-теориялық негіздері мен ерекшеліктерін жүйелеу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасындағы кәмелетке толмағандарға байланысты кибер құқық бұзушылықтарды әкімшілік-құқықтық реттеу тәжірибесін талдау;
- халықаралық және шетелдік құқықтық реттеу үлгілерін салыстырмалы зерттеу;
- ұлттық тәжірибенің негізгі проблемалары мен олқылықтарын айқындау;
- баланың құқықтарын қорғаудың және профилактиканың тиімді әкімшілік-құқықтық шараларын негіздеп, нақты ұсыныстар қалыптастыру.

Зерттеу нысаны. Киберкеңістіктегі кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлық үлгілері және оларды әкімшілік-құқықтық реттеу тетіктері.

Зерттеу әдістері (методология). Бұл жерде әдіснамалық база ретінде бірнеше тәсіл қолданылды. Біріншіден, диалектикалық әдіс тақырыптың үздіксіз өзгеріп отыратын цифрлық ортадағы сипатын ескеріп, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын әлеуметтік ахуалмен және технологиялық даму үдерісімен байланыста талдауға мүмкіндік берді. Екіншіден, салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Балтық елдері секілді мемлекеттер тәжірибесін Қазақстан заңнамасымен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсеттік.

Үшіншіден, статистикалық тәсіл ішкі істер органдары мен соттардың ресми деректерін (2020-2025 жж.) жүйелеп, киберкеңістікте жасалатын құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін нақты сандар арқылы сипаттауға ықпал

етті. Төртіншіден, құқықтық-нормативтік талдау арқылы "Баланың құқықтары туралы" заңның 2022 жылғы редакциясы, ӘҚБтК-нің жаңа баптары және халықаралық деңгейде қабылданған Budapest Convention on Cybercrime, Lanzarote Convention, UNICEF және ЕҚЫҰ ұсынымдары қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын «әкімшілік-құқықтық» дербес санат ретінде қарастыру қажет; ӘҚБтК-нің арнайы нормаларында (не тиісті тармақшаларында) «цифрлық деликт» ұғымының айқын критерийлері мен элементтері бекітілуі тиіс.

- Әкімшілік сот ісін жүргізуде цифрлық дәлелдемелерді (скриншоттар, лог-файлдар, электрондық хаттар) жол берілетін және қатыстылығы бар деп танудың іс жүргізу тәртібін жетілдіру қажет: провайдерлер мен әлеуметтік желілер әкімшілерінен ақпарат талап ету регламенттерін нақтылау, электрондық құжаттарды куәландыру әдістерін қатаң бекіту керек.

- Баланың жауаптылығының шектері мен ата-аналардың міндеттемелерін ажыратып, тиісті нормаларды айқын белгілеу қажет: 14-15 жастағы жасөспірімдердің (мысалы, кибербуллинг, алаяқтық) әрекеттері үшін кім және қандай көлемде жауап береді, қандай жағдайларда ата-аналарға айыппұлдар немесе тәрбиелік ықпал шаралары қолданылады.

- Шетелдік тәжірибеге (АҚШ-та ата-аналық жауаптылықты күшейту, Германиядағы NetzDG заңы, Корея Республикасындағы түзеу бағдарламалары) сүйене отырып, қазақстандық заңнамаға бейімдеу бойынша ұсыныстар әзірлеу: құқық қорғау органдары мен платформалар арасындағы ынтымақтастық тетіктерін енгізу, шетелдік шешімдерді ұлттық ерекшелікке сай қабылдау.

- Қатал жазалаушы санкциялардан гөрі профилактикалық және тәрбиелік шараларға басымдық беру: заң деңгейінде кәмелетке толмағандардың кеңінен консультациялық, психологиялық және түзетуші-бихевиоралдық бағдарламаларға қол жеткізуін қамтамасыз ету; күтілетін әсер – қайталама кибер құқық бұзушылықтардың төмендеуі.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына әкімшілік-құқықтық талдау жаңа цифрлық құқық салалары мен классикалық әкімшілік деликтологияның түйіскен нүктесін білдіреді. Балалардың цифрлық мінез-құлқын бақылау, профилактика, жауаптылыққа тарту және, ең бастысы, олардың қалыпты дамуын қамтамасыз ету - тек қана жазалау құралдарымен шешілмейтін, кешенді іс-қимылды қажет ететін міндет.

Мұндай көпқырлы талдау мемлекеттік органдарға, заң шығарушыға және білім беру ұйымдарына практикалық бағдарлар ұсына алады және, күтілетіндей, жасөспірімдер арасындағы қауіпті цифрлық практикалардың таралуын азайтады. Зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы, түптеп келгенде, қоғамның цифрлық қауіпсіздік мәдениетін нығайту мен балаларды құқыққа қайшы әрекеттерден қорғаудан көрінеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруде қолдануға болатын нақты ұсыныстарды қамтиды. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске кибербуллинг, онлайн алаяқтық және цифрлық алаяқтық сияқты жаңа құқық бұзу түрлерін енгізу; сондай-ақ Қылмыстық кодекс кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына қатысты арнайы нормалармен толықтырылуы ұсынылады (мысалы, жазаны жеңілдету немесе түзету сипатындағы шараларды қарастыру). Зерттеу материалдары құқық қорғау органдарының профилактикалық және тергеу қызметінде, сондай-ақ білім беру саласында қолданбалы мәнге ие. Полиция қызметкерлеріне, мектеп психологтарына, әлеуметтік педагогтерге және тәрбиешілерге арналған арнайы әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және оқыту тренингтерін ұйымдастыру ұсынылады.

Мұндай шаралар мектептерде интернет қауіпсіздігіне қатысты оқу бағдарламаларын енгізуді күшейтеді, сондай-ақ ата-аналар мен балаларға цифрлық сауаттылықты арттыру курстарын дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде ұсынылған шаралар кәмелетке толмағандарды интернеттегі қауіптерден қорғауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға нақты үлес қоса алады.

Қазақстан жағдайында әрі қарай зерттеуді қажет ететін бағыттар айқындалды. Біріншіден, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы құқыққа қайшы жаңа әрекет түрлерін тудырып отыр, сондықтан заманауи қылмыстарды құқықтық реттеуді жүйелі түрде жаңартып отыру қажет. Өзекті мәселелердің қатарында жасанды интеллект пен виртуалды шындық (VR) технологияларын пайдалану арқылы жасалатын алаяқтықтар, блокчейн және криптовалюта құралдарын қолдану арқылы жасалатын қылмыстарға құқықтық жауап қалыптастыру бар. Екіншіден, жасөспірімдердің интернеттегі белсенділігі мен олардың психологиялық-әлеуметтік жағдайы арасындағы байланысты терең зерттеу маңызды. Бұл бағытта цифрлық тәуекелдерді бағалау әдістерін әзірлеу және жасөспірімдердің онлайн-құқық бұзушылыққа тартылуына жол бермейтін мінез-құлық модельдерін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ балаларды интернет қауіптерінен қорғау бойынша ұлттық стратегияны жетілдіру мақсатында халықаралық тәжірибе мен цифрлық білім беру бағдарламаларын талдау ұсынылады.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығын негіздеу.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы - кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары ұлттық құқық шеңберінде алғаш рет дербес құқықтық категория ретінде қарастырылған; әкімшілік жауапкершілік, ата-аналардың міндеттері және интернет-провайдерлердің ролі арасындағы озара байланыстар нақтыланған; халықаралық стандарттарды ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу бойынша нақты ұсыныстар тұжырымдалған.

Біріншіден, кешенді талдау негізінде алғаш рет «кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары» ұғымының анықтамасы нақты ұсынылып, оның құрамдас элементтері мен түрлері жүйелендірілді. Екіншіден, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасына

жүргізілген жан-жақты талдау нәтижесінде кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына қатысты құқықтық олқылықтар мен қайшылықтар анықталып, жан-жақты сипатталды. Үшіншіден, жасөспірімдердің кибер құқық бұзушылықтарының алдын алу және құқықтық қорғау тетіктерін жетілдіруге арналған кешенді ұсынымдар әзірленді; олардың қатарында заңнаманы өзгерту, білім беру бағдарламаларын жаңарту және құқық қорғау қызметінің әдістемесін жетілдіру шаралары бар. Сонымен бірге жасөспірімдердің киберкеңістікте құқық бұзу бейімділігін ескеретін әлеуметтік-психологиялық және құқықтық әсер ету тетіктері ұсынылды. Бұл зерттеу тақырыбы үшін бұрын қарастырылмаған жаңа ғылыми тұжырымдарды енгізді.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында, «Қазақстан – 2050» стратегиясында, 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздік саласын дамыту тұжырымдамасында, 2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасында, 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім және ғылымды дамыту тұжырымдамасында белгіленген құқықтық дамудың негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді. Нәтижелер «Киберқалқан Казахстан» (Кибер қауіпсіздік тұжырымдамасы, ҚР ҮҚ № 407, 30.06.2017), буллинг/кибербуллингке қарсы ведомствоаралық саясат, сондай-ақ 2025 жылы іске қосылған «Балаларды онлайн-зорлықтан қорғау» бағдарламасымен де үндеседі.

Әрбір жарияланымды дайындауда докторанттың үлесін сипаттау.

Зерттеу нәтижелері түрлі ғылыми-тәжірибелік алаңдарда талқыланып, жарияланымдарда көрініс тапты. Диссертацияның негізгі ережелері 10 еңбекте баяндалған, оның ішінде: 1 - «International Journal of Advanced Research in Law and Economics» халықаралық ғылыми журналында; 3 - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда; 6 - халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында. Теориялық және ғылыми-тәжірибелік нәтижелер келесі конференцияларда ұсынылып, апробациядан өтті: «Ұлттық құқықтық сананы жаңғырту жағдайындағы Қазақстанның құқықтық жүйесі» (Қарағанды, 2018); «Еуропалық ғылымның жаңа жетістіктері - 2019» (София, 2019); «Ұлттық құқықтық жүйенің дамуы және Қазақстандық мемлекеттіліктің теориялық және тарихи негіздерін нығайту» (Қарағанды, 2019); «Құқықтық реттеудің өзекті мәселелері және ұлттық құқықты іске асырудың жаңа тәсілдері» (Қарағанды, 2021); «Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы еңбек даулары мен өзге де қақтығыстарды шешу жолдары» (Алматы, 2025); «Конституциялық құқық механизміндегі ішкі істер органдарының рөлі» халықаралық конференциясы (Қарағанды, 2025).

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі.

Жұмыстың логикасы мен құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ қарастырылып отырған мәселенің ерекшеліктерімен айқындалды. Диссертация кіріспеден, төрт мазмұндық бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.